

«АЗАМАТТАРГА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ ННР-СҮЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛДЫМАЙТАЫН МУЛККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮРГАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЕНПЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 14 ж. «16, 11
БСН 190340070343
№ 16543-1901-1100-076
Бастапқы тіркелген күні
20 09 ж. «10, 03

«Dosjan temir joly»
акционерлік қоғамының
кезектен тыс жалпы акционерлер
жиналасының шешімімен бекітілді
(202 4 жылғы «04» коршауда № 06 хаттама)

«Dosjan temir joly» акционерлік қоғамының Жарғысы

1-бап Қоғамның заңды мәртебесі

1. «Dosjan temir joly» акционерлік қоғамы, бұдан әрі Қоғам деп аталады, қайта тіркелгенге дейінгі атауы «Досжан темір жолы (ДТЖ)» АҚ, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы №735 Жарлығымен бекітілген, 2010 жылға дейін Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарында көзделген, «Шар-Өскемен станциясы» темір жолын салу және пайдалану жобасын іске асыру үшін құрылған.

2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқық актілеріне, осы Жарғыға, Қоғамды корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның басқа құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

3. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

4. Қоғамның дербес теңгерімі, банк шоттары, соның ішінде валюталық шоты, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі бар және белгіленген тәртіппен бекітілетін және тіркелетін өзге нышаны, үлгі-нұсқалары болуы мүмкін, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мөртәнбасы, фирмалық бланктары және өзге реквизиттері бар.

2-бап Қоғамның атауы, орналасқан орны және қызмет ету мерзімі

5. Қоғамның атауы:

1) мемлекеттік тілде:

толық атауы

қысқартылған атауы

2) орыс тілінде:

толық атауы

қысқартылған атауы

3) ағылшын тілінде:

толық атауы

қысқартылған атауы

- «Dosjan temir joly» акционерлік қоғамы;
- «DTJ» АҚ;
- акционерное общество «Dosjan temir joly»;
- АО «DTJ»;
- Joint stock company «Dosjan temir joly»;
- JSC «DTJ».

6. Қоғамның атқарушы органдарының орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 35А гимараты.
7. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

3-бап Қоғамның құрылтайшы құжаты

8. Қоғамның Құрылтайшы құжаты Қоғамның жарғысы (бұдан әрі - Жарғы) болып табылады.

9. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Жарғымен танысуға құқылы.

4-бап Қоғам қызметінің мақсаты мен түрлері

10. Қоғамды құру және қызметінің мақсаты «Шар-Өскемен станциясы» жаңа теміржол желісін одан әрі мемлекеттік меншікке табыстаумен салу және пайдалану болып табылады.

Концессиялық, инфрақұрылымдық және өзге жобаларға қатысу және іске асыру.

11. Қоғамның қызмет түрлері мыналар болып табылады:

- «Шар-Өскемен станциясы» жаңа теміржол желісін салу және пайдалану туралы концессиялық келісімді іске асыру;
- «Шар-Өскемен станциясы» теміржол желісін және теміржол тасымалдарын жүзеге асыру үшін қажетті өзге объектілерді салу;
- «Шар-Өскемен станциясы» теміржол желісін және теміржол инфрақұрылымының өзге объектілерін пайдалану;
- жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу және көлік құрылышы, өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы құрылыш объектілерін жобалаудың барлық дәрежелерінде жобалық-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- инженерлік-техникалық мәселелер бойынша консалтингтік қызметтер көрсету;
- топографиялық-геодезиялық және инженерлік-геологиялық зерттеу жүргізу;
- көлікті дамытудың бас схемаларын әзірлеу;
- құрылышты авторлық қадағалау және бақылау;
- локомотивті тарту қызметін көрсету;
- заңнамаға сәйкес қажетті келісімдер алынған жағдайда қызметтің өзге де түрлері.

12. Тізбесі заңнамамен айқындалатын қызметтің жекелеген түрлерімен Қоғам Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарымен берілген лицензиялар, рұқсаттар, сертификаттар негізінде ғана айналыса алады.

5-бап

Қоғамның құқықтары мен міндеттері

13. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген барлық құқықтарды алады және міндеттерді атқарады.

14. Қоғам акционерлерінің мүлігінен оқшауланған мүлікке ие және акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлігінің шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтереді.

15. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сәйкесінше мемлекет те Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

16. Қоғам өз атынан мәмілелер жасай алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді ала алады, сотта талап қоюшы немесе жауапкер бола алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен қайшы келмейтін өзге іс-қимылдарды жүзеге асыра алады.

17. Қоғам қорғау құжаттарын, технологияларды, «ноу-хау» және басқа ақпаратты иелену және пайдалану құқықтарын сатып ала алады және ұсына алады.

18. Қоғам бағалы қағаздар шығара алады және оларды таратада алады, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздарды сатып ала алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен туынды қаржылық күралдар арқылы өз қаржылық тәуекелдерін сақтандыра алады.

19. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде өз филиалдарын, өкілдіктерін және өзге оқшауланған бөлімшелерін құра алады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларға мүлік бере алады және қызмет ету тәртібін айқындаі алады. Филиалдар мен өкілдіктердің мүлігі Қоғамның тәңгерімінде есепке алынады.

20. Қоғам филиалдарға, өкілдіктерге және өзге оқшауланған құрылымдық бөлімшелерге Қоғаммен тағайындалатын лауазымдар номенклатурасын, сондай-ақ жылдық еңбекақы қорының көлемін бекітеді. Филиалдың, өкілдіктің және өзге оқшауланған құрылымдық бөлімшелердің басшысы Қоғам берген сенімхаттар негізінде іс-қимыл жасайды.

21. Қоғам өндірістік қызметті жоспарлауға, жұмысшылардың еңбек ақысына, материалдық-техникалық жабдықтауға, Қоғамның әлеуметтік дамуына, кадрлардың іріктелуін, орналастырылуын, дайындалуын, қайта дайындалуын және біліктілігін жоғарылатуды ұйымдастыруға байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді.

22. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс орналасқан банктерде және басқа қаржылық ұйымдарда ұлттық және шетел валютада шоттар ашады.

23. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақстандық және шетелдік заңды және жеке тұлғаларда кепілгер болуға, тенгеде және шетел валютасында қарыз алуға және кредитті пайдалануға құқылы.

24. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген стандарттарға сәйкес Қоғамның барлық бөлімшелеріне орындау үшін міндетті нормативтік-техникалық құжаттаманы өзірлейді және бекітеді.

25. Қоғам уәкілетті мемлекеттік органдарға белгіленген тәртіппен қаржылық, салықтық және статистикалық есептілікті ұсынады.

26. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен көзделген өзге құқықтарға ие болуы және міндеттерді орындауы мүмкін.

6-бап

Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

27. Қоғам Акционерінің мынадай құқықтары бар:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) Жарғымен көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) өз бетімен немесе басқа акционерлермен бірге Қоғамның дауыс беретін акциялардың 5 (бес) және одан астамын иеленген жағдайда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіне қосымша сұрақтар енгізуі ұсынуға;

3) дивидендтер алуға;

4) акционерлердің жалпы жиналышымен немесе Қоғамның жарғысымен белгіленген тәртіппен Қоғам қызметі туралы ақпаратты алуға, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға, келесі ақпаратты қоспағанда:

талап қою күніне қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған;

соңғы 3 (үш) жыл ішінде кайта сұратылған (акционер бұрын сұратқан ақпарат толық көлемде ұсынылған жағдайда);

орындалуы акционер өтініш жасаған күні жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, Қоғам қызметінің (акционер өтініш жасаған күнге дейінгі 3 (үш) жылдан астам) откен кезеңдеріне қатысты ақпаратты қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналышы айқындаған немесе Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

5) Қоғамның орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына оның меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

6) Қоғамның акционерлердің жалпы жиналышына Қоғамның Директор кеңесіне сайлауға үміткерлерді ұсынуға;

7) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот арқылы даулауға;

8) өз бетімен немесе басқа акционерлермен бірге Қоғамның дауыс беретін акцияларның бес және одан астамын иеленген жағдайда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63 және 74 баптарында көзделген жағдайларда, сот органдарына Қоғамның лауазымды тұлғалардың Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды тұлғалардың және (немесе) олардың қосылған тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

10) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

12) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген тәртіппен акционерлердің жалпы жиналышының қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдауға қатысуға құқылы.

28. Өз бетімен немесе басқа акционерлермен бірге Қоғамның дауыс беретін акцияларның 5 (бес) және одан астамын иеленетін акционерлер жыл қорытындылары бойынша төмендегі жағдайларда директор кеңесінің жекелеген мүшесінің және (немесе) Қоғамның атқарушы органдың сыйақы көлемі туралы ақпаратты алуға құқылы:

сотпен оның немесе онымен үлестес тұлғалардың кіріс (табыс) алу мақсатында Қоғам акционерлерін Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғам Басқармасының осы мүшесімен қасақана адастыру фактісі орнатылған жағдайда;

егер Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғам басқармасының осы мүшесінің әділетсіз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғам шығындарының туындауы әкелгені дәлелденген жағдайда.

29. Ірі акционер мынаған құқылы:

1) Қоғамның кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналышының шақырылуын талап ету немесе директор кеңесі Қоғамның акционерлердің жалпы жиналышын шақырудан бас тартқан жағдайда шақыру туралы талаппен сотқа жүгінуге;

2) директор кеңесі отырысының шақырылуын талап етуге;

3) аудиторлық үйыммен өз есебінен Қоғам аудитін жүргізуі талап етуге құқылы.

Акционер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасының өзге заң актілерімен және Жарғымен көзделген міндеттерін орындауды.

30. Жарғының осы бабының 27, 28, 29 тармақтарымен белгіленген акционерлер құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

31. Жарғының осы бабының 27 тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптың орындалуы Қоғамның акционерлердің жалпы жиналышын шақыратын тұлғалар немесе орган үшін міндетті.

7-бап

Қоғамның акциялары мен өзге бағалы қағаздары

32. Қоғам қарапайым акцияларды құжатсыз нысанда шығарады.

33. Қоғам шығарылуы, орналастырылуы, айналымы және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен белгіленетін басқа да, соның ішінде айырбасталатын, бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

34. Қарапайым акция акционерге дауыс беруге шығарылатын шешімдерді қабылдауға, Қоғамдың таза табысы болған жағдайда дивидендтер алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғамды таратқан кезде оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

35. Жарияланған акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алғынған аталған бағалы қағаздарды сату ниеті болғанда, Қоғам осы туралы шешім қабылдаған күннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарлама жіберу немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы бағалы қағаздарды өздерінде бар акциялар санына барабар тен жағдайларда бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған Қоғамдың органды белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша сатып алуды ұсынуға міндettі. Акционер қоғамның акцияларын орналастыру (өткізу) туралы хабарлаған күннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде акцияларды не қоғамның акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға өтінім беруге құқылы.

Басымдықпен сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын акцияларға немесе басқа да бағалы қағаздарға ақы төлеуді акционер оларды сатып алуға өтінім берілген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырады.

36. Қоғамның жарияланған акцияларының мөлшерін арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған әрі жарияланбаған акцияларының түрін өзгерту акционерлердің жалпы жиналышының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

37. Қоғам акцияларын оның жарияланған акциялар санының шегінде орналастыру (өткізу) туралы шешім Қоғамның Директорлар кеңесімен қабылданады және жазылу немесе аукцион арқылы жүзеге асырылады.

38. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткен соң орналастыруға құқылы.

39. Қоғамның орналастыратын акцияларына ақы төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (соның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайлардан басқа, өзге де мұлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен (бағалы қағаздан басқа) төлем жасау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындастырын бага бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамның орналастырылатын акцияларына қор биржасында айналыста болатын бағалы қағаздармен ақы төлеу қор биржасының бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес қор биржасы айқындастырын нарықтық баға бойынша жүзеге асырылады. Акцияларға ақы төлеуге енгізілетін бағалы қағаздардың түріне катысты көрсетілген әдістеме бойынша қор биржасы есептеген мұндай бағалы қағаздардың нарықтық бағасы болмаған жағдайда, олардың құнын бағалауды бағалаушы жүргізеді.

Егер Қоғамның орналастыратын акцияларын төлеуге мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау Қоғам оны пайдаланатын бүкіл мерзім

бойына осы мүлікті пайдаланғаны үшін төлем мөлшеріне қарай жүргізіледі. Акционерлердің жалпы жиналысының келісімінсіз мұндай мүлікті көрсетілген мерзім аяқталғанша алуға тыйым салынады.

40. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін тек қана орталық депозитарий жүргізеді, ол Қоғамның және оның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болмауы тиіс.

41. Акцияларды орналастырған кезде Қоғамға:

- 1) орналастырылатын акцияларды сатып алуға;
- 2) шарттарында (шығару шарттарында) эмитенттің сатып алу құқығы немесе міндепті көзделетін шарттар жасасуға (тынды бағалы қағазды сатып алуға) тыйым салынады.

42. Орналастыратын акцияны толық төлемейінше Қоғам сол акцияларды Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде оны сатып алушының шотына есепке жатқызу туралы бұйрық беруге құқылы емес.

43. Қоғам өзінің орналастырған акцияларын мына жағдайларда:

- 1) акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіткенге дейін;
- 2) егер акцияларды сатып алудың нәтижесінде Қоғамның меншікті капиталының мөлшері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген ең аз жарғылық капиталдың мөлшерінен аз болатын болса;
- 3) егер акцияларды сатып алу сәтінде Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасауға қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе, не болмаса аталған белгілер талап етіліп отырған барлық акцияларды немесе сатып алуға болжанып отырған акцияларды сатып алудың нәтижесінде пайда болатын болса;
- 4) егер сотпен немесе акционерлердің жалпы жиналысымен Қоғамды тарату туралы шешім қабылданса, сатып алуға құқылы емес.

44. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды мына жағдайларда ғана, егер:

- 1) кепілдікке берілетін бағалы қағаздар толық төленген болса;
- 2) Қоғамның сатып алған акцияларын қоспағанда, Қоғамға кепілдікке берілетін және оған кепілдікке берілген акциялардың жалпы саны Қоғамның орналастырған акцияларының кем дегенде 25 (жыура маңызынан астамын құраса;
- 3) кепіл туралы шарт Директорлар кенесімен макұлданса, кепілдікке қабылдай алады.

45. Акционердің оған тиесілі акциялары бойынша Қоғам төлейтін табысы дивиденді болып табылады.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер Қоғамның акционерлердің жалпы жиналысымен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған жағдайда, ақшалай немесе бағалы қағаздармен төленеді.

46. Тоқсан, жартыштырылғанда немесе жыл қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тиісті кезең ішінде Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізгеннен кейін немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша, егер мұндай төлем осы Жарғымен көзделген жағдайда жүзеге асырылады. Акционерлердің жалпы жиналысының жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға дивиденд көлемі

көрсетіледі.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер жыл қорытындысы бойынша акционерлердің жалпы жиналышының шешімімен жүзеге асырылады

47. Қоғамның акционерлердің жалпы жиналышы Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

48. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімде мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акция есебіне дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтерді төлеу басталатын мерзім;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны;
- 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған жағдайда).

49. Орналастырылмаған немесе Қоғам өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе акционерлердің жалпы жиналышы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

50. Дивидендтерді төлеу акционерлердің жалпы жиналышы қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

Қоғамда немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционерлердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаган жағдайда, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа уәкілетті органның нормативті құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылуға тиіс.

51. Мына жағдайларда дивидендтер есептелмейді:

1) Қоғамның меншікті капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде меншікті капиталының мөлшері теріс болатын болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасауға қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивиденділер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивиденділер төлеуге жол берілмейді.

3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларда.

52. Акционер алынбаған дивидендтерді Қоғам берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан, дивиденд Жарғының осы бабының 51 тармағындағы негіздер бойынша есептелген жағдайда, төленуін талап етуге құқылы.

Дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзімде дивидендтер төленбеген жағдайда, акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып, есептелетін өсім толенеді.

8-бап

Қоғам органдары

53. Қоғам органдары мыналар болып табылады:

- | | |
|---|----------------------------------|
| 1) жоғарғы орган | - Акционерлердің жалпы жиналысы; |
| 2) басқару органы | - Директорлар кеңесі; |
| 3) атқарушы орган | - Басқарма; |
| 4) қаржылық-шаруашылық
қызметті бақылайтын орган | - Ішкі аудит қызметі |

9-бап

Акционерлердің жалпы жиналысы

54. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыреттігіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгерту мен толықтыру енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оған енгізілетін өзгерту мен толықтыруды бекіту;
- 3) артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай, Қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;
- 4) Қоғамды өз еркімен қайта құру немесе тарату;
- 5) Қоғамның жарияланған акциялар санын арттыру туралы немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялар түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 6) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;
- 7) Қоғамның қарапайым акцияларына ауыстырылатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 8) орналастырылған акциялардың бір түрін басқа түрдегі акцияларға айырбастау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін анықтау туралы шешім қабылдау;
- 9) акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, осындай бөлшектеу шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;
- 10) өтеу мерзімінсіз мемлекеттік емес облигациялар шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау;
- 11) комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 12) Директорлар кеңесінің сан құрамын анықтау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және өтемақы төлеу көлемі мен шарттарын белгілеу;
- 13) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 14) аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

- 15) қаржылық есептік жыл ішінде Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның жай бір акциясымен есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту;
- 16) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидент төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 17) Қоғамның акцияларын өз еркімен делистинг туралы шешім қабылдау;
- 18) Қоғамға тиесілі барлық активтерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайыз сомасын құрайтын Қоғам активтерінің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы құруға немесе басқа занды тұлғалардың қызметіне немесе басқа занды тұлғалар қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуна Қоғамның қатысуы жөніндегі шешім қабылдау;
- 19) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу;
- 20) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қоғаммен ұйымдастырылмаған нарықта сатып алынған жағдайда, акция құнын анықтау (егер құрылтайшы жиналыспен бекітілмеген болса, әдіstemесіне өзгерту енгізуі бекіту;
- 21) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 22) акционерлерге, егер мұндай тәртіп Қоғамның Жарғысында айқындалмаса, Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;
- 23) «алтын акция» енгізу мен жою;
- 24) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;
- 25) Директорлар кеңесі туралы Ережені, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 26) дивидендтік саясатты бекіту;
- 27) шешім қабылдау «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) Қоғамның Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

55. Осы баптың 54-тармағының 2)-5), 20) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Осы баптың 54-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімі Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында немесе Қоғам Жарғысында өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен

қабылданады.

56. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде көзделмеген болса, акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне қатысты шешім қабылданатын мәселелерді басқа органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің құздарынан беруге жол берілмейді.

57. Акционерлердің жалпы жиналышы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

10-бап

Қоғам акционелерінің жалпы жиналышын шақыру тәртібі

58. Акционерлердің жалпы жиналышы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Қоғам жыл сайын жылдық акционерлердің жалпы жиналышын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыштары кезектен тыс болып табылады.

Акционерлердің жалпы жылдық жиналышы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде өткізілу керек. Есептік кезең ішінде Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, аталған мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

59. Акционерлердің жылдық жалпы жиналышын Директорлар кеңесі шақырады.

60. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышы:

- 1) Директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Ерікті түрде таратылу процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналышын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

61. Акционерлердің жалпы жиналышын әзірлеу мен өткізуі:

- 1) Қоғам басқармасы;
- 2) Қоғаммен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

62. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналышын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды Қоғам көтереді.

63. Қоғамның органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналышын шақырудың «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналышы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

64. Егер Қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын өткізу туралы Қоғамның ірі акционерінің талабын орындауда, Қоғам

акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізу мүмкін.

11-бап

Iрі акционердің бастамасы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және өткізу ерекшеліктері

65. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ірі акционердің талабы Қоғам Басқармасының орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.

66. Қоғамның Директорлар кеңесі ірі акционердің талабы бойынша шақырылған акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелерінің тұжырымдамаларына өзгерістер енгізуге және ұсынылған өткізу тәртібін өзгертуге құқылы емес.

Қойылған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс жиналысы шақырылған кезде Директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

67. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты ірі акционер (акционерлер) қойған жағдайда, мұндай жиналысты шақыруды талап етуші акционерлердің (акционердің) есімдері (атаулары) және оған тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуге тиіс.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуші тұлға (тұлғалар) қол қояды.

68. Директорлар Кеңесі аталған талапты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған тұлғага акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы не оны шақырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге міндетті.

69. Қоғамның Директорлар кеңесінің ірі акционердің талап етуі бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты қоюдың осы бапта белгіленген тәртібі сақталмаған;

2) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізуге ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заннамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда қабылдануы мүмкін.

Қоғамның Директорлар кеңесінің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешіміне сотта дау айтылуы мүмкін.

70. Егер Қоғамның Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзім ішінде қойылған талап бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдамаса, оның шақырылуын талап етуші тұлға Қоғамды акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге міндеттеу талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

12-бап**Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі**

71. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде орталық депозитарий жасайды. Атапған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

Акционерлердің тізіміне енгізілуге тиісті мәліметтерді бағалы қағаздар нарығын бақылайтын және реттейтін үекілетті мемлекеттік орган белгілейді.

72. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға Қоғамның оған тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырса, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл орайда акцияга меншік құқығын растайтын құжаттар табыс етілуге тиіс.

13-бап**Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты мен орны**

73. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт оған қатысу құқығы бар тұлғалардың неғұрлым көвшілігі жиналысқа қатыса алатындей етіп белгіленуге тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысы, шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысын қоспағанда, Қоғам Басқармасы орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуге тиіс.

74. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт пен жиналысты өткізу уақыты акционерлердің жалпы жиналысының хатшысына (Қоғамның есеп комиссиясына) жиналысқа қатысушыларды тіркеуді, санын есептеуді және оның кворумын айқындауды жүргізуге жеткілікті уақытты қамтамасыз етуге тиіс.

75. Қоғам акционерлері қатысу тәртібімен өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының отырысына Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып қашықтан қатысуға құқылы.

14-бап**Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат**

76. Акционерлерге алда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын, ал өткізу кезінде бір немесе одан көп акционерді хабардар ету үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – күнтізбелік 45 (қырық бес) күн бұрын хабарлануға тиіс.

77. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде

жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер Қоғам акционерлерінің саны 50 (елу) акционерден аспаса, хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу туралы жазбаша хабарлама акционерлерге қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жіберіледі.

78. Шешімі қатысу немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышын өткізу туралы хабарламада:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Қоғам акционерлері жалпы жиналышының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналышқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, Қоғам акционерлерінің өткізілуғе тиісті болған жалпы жиналышының қайта өткізілетін күні және уақыты;
- 4) акционерлердің жалпы жиналышына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышының күн тәртібі;
- 6) Қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
- 7) акционерлердің жалпы жиналышын өткізу тәртібі;
- 8) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі;
- 9) оларға сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары болуға тиіс.

79. Аралас дауыс беру кезінде Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышын өткізу туралы хабарламада Жарғының 14-бабының 78-тармағында көзделген ақпаратқа қосымша ретінде бюллетенъдерді берудің соғы күні көрсетіледі.

80. Шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышын өткізу туралы хабарламада:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 4) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетенъдерді берудің басталған және аяқталған күні;
- 5) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;
- 6) Қоғам акционерлері жалпы жиналышының күн тәртібі;
- 7) Қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
- 8) дауыс беруді өткізу тәртібі;
- 9) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы соған сәйкес өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары қамтылуға тиіс.

81. Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийге өтініш жасауға құқылы.

Миноритарлық акционердің өтініш жасау және орталық депозитарийдің

басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.

15-бап **Қоғам акционерлерінің қайталама жалпы жиналышы**

82. Акционерлердің жалпы жиналышын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналышы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды.

83. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналышы акционерлердің болмай қалған жалпы жиналышы белгіленген жерде өткізілуге тиіс.

84. Қоғам акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналышы күн тәртібінің акционерлердің болмай қалған жалпы жиналышының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс.

16-бап **Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышының күн тәртібі**

85. Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға шығарылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған түбекейлі тізбесі қамтылуға тиіс.

86. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналышын ашу кезінде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

87. Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту қоғамның жиналышта өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

88. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналышының күн тәртібіне:

1) қоғам акционерлері жалпы жиналышын өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірілмей толықтырулар туралы хабардар етілген жағдайда, қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан көп пайзызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе Директорлар кеңесі ұсынған осындай толықтырулар;

2) егер акционерлердің жалпы жиналышына қатысатын және қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде 95 (тоқсан бес) пайзызын жиынтығында иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізілуіне дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

89. Акционерлердің жалпы жиналышы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

90. Акционерлердің жалпы жиналышы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

91. Күн тәртібінде, «әр түрлі», «өзге», «басқалары» деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

17-бап

**Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышының күн тәртібі
мәселелері жөнінде материалдар**

92. Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпарат болуға тиіс.

93. Қоғамның органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат:

- 1) аты-жөні, сондай-ақ тілегі бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) қоғамға аффилиирленгені туралы мәліметтер;
- 4) соңғы 3 (үш) жылдағы жұмыс орны және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжіриbesін растайтын өзге де ақпарат болуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіне қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат қай акционердің өкілі болып табылатындығы немесе ол қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатын-табылмайтындығы көрсетілуге тиіс.

94. Акционерлердің жылдық жалпы жиналышының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар:

- 1) қоғамның жылдық қаржы есептілігі;
- 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивиденdtің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) акционерлердің қоғамның және оның лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне жүгінуі және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) акционерлердің жалпы жиналышын өткізуге бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар қамтылуға тиіс.

95. Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысуы үшін Қоғам Басқармасының орналасқан жерде жиналыш өткізілетін күннен 10 (он) күн бұрын дайын әрі қол жетімді болуға тиіс, ал акционердің сауал салуы болған кезде - сауал салу алынғаннан кейін оған 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс, құжаттар көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстар акционерге жүктеледі.

18-бап

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышының кворумы

96. Егер акционерлердің жалпы жиналышына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (акционерлердің жалпы жиналышын сырттай дауыс беру арқылы

өткізу кезінде барлық бюллетенінді ұсыну күні не бюллетендерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 50 (елу) және одан да көп процентін иеленген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, жиналыш құн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

97. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналышы орнына қайталап өткізілетін жалпы жиналышы, егер:

1) кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналышын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 40 (қырық) және одан да көп процентін иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, құн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

98. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетендер жіберілген жағдайда, аталған бюллетендермен берілген және жалпы жиналышқа қатысушыларды тіркеу кезінде қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.

Акционерлердің жалпы жиналышын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналышы қайталап өткізілмейді.

19-бап

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышындағы өкілдік

99. Акционер жеке өзі немесе өз өкілі арқылы акционерлердің жалпы жиналышына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

Қоғамның атқарушы органды мүшелерінің акционерлердің жалпы жиналышында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жок.

Мұндай өкілдік акционерлердің жалпы жиналышының құн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулары бар сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, қоғам жұмыскерлерінің акционерлердің жалпы жиналышында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жок. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес рәсімделген сенімхат негізінде іс-қимыл жасайды.

100. Қазақстан Республикасының заннамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға үшін акционерлердің жалпы жиналышына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

20-бап

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышын өткізу тәртібі

101. Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу тәртібі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, қоғамның осы Жарғысына және қоғамның ішкі қызметтің реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес не

акционерлердің жалпы жиналышының тікелей шешіммен белгіленеді.

102. Акционерлердің жалпы жиналышы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналышына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.

Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналышының кворумын айқындау кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетенъдері ескеріледі.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналышына келген акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Қоғамның артықшылықты акцияларының меншік иесі болып табылатын акционер акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналышына қатысуға және онда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

Егер дауыс беру үшін бұрын бюллетенъ жіберген акционер аралас дауыс беру пайдаланылатын акционерлердің жалпы жиналышына қатысу және дауыс беру үшін келген болса, оның бұрын жіберген бюллетені акционерлердің жалпы жиналышының кворумын айқындау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.

103. Акционерлердің жалпы жиналышы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыштың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналышы хабарланған уақытынан өртеп ашылмауы керек.

104. Акционерлердің жалпы жиналышы жалпы жиналыштың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды.

Акционерлердің жалпы жиналышы ашық немесе жасырын (бюллетенъдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған тұлғаларды сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Жиналышқа қатысушы акционерлердің барлығы Қоғам Басқармасына кіретін жағдайларды қоспағанда, Қоғам Басқармасының мүшелері акционерлердің жалпы жиналышында төрағалық ете алмайды.

105. Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс берудің әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер акционерлердің жалпы жиналышының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, бөгет жасауға құқығы жоқ.

106. Акционерлердің жалпы жиналышы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге

ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

107. Акционерлердің жалпы жиналышын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

108. Акционерлердің жалпы жиналышының хатшысы акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.

21-бап

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышының сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы

109. Акционерлердің жалпы жиналышының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналышына қатысып отырган акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің жалпы жиналышының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

110. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірынғай нысандағы бюллетенъдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

Акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен қоғамның дауыс беруге арналған бюллетенъдерді жекелеген акционерлерге таңдал жіберуге құқығы жоқ.

111. Дауыс беруге арналған бюллетенъ акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға:

1) пошта байланысының құралдары қолданылған кезде - акционерлердің жалпы жиналышы өткізілген күнге дейін құнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей;

2) хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе ол қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған кезде - акционерлердің жалпы жиналышы өткізілген күнге дейін құнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

112. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъде:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) жиналышты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;

3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъдерді берудің нақты күні;

4) акционердің жалпы жиналышы жабылатын күн;

5) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібі;

6) егер акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;

7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;

8) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары;

9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (буллетенің толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

113. Сырттай дауыс беруге арналған буллетенге акционер – жеке тұлға (акционердің – жеке тұлғаның өкілі) осы тұлғаның жеке басын қуәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.

Акционер – заңды тұлғаның сырттай дауыс беруіне арналған буллетенге оның басшысы (акционердің – заңды тұлғаның өкілі) қол қоюға тиіс.

Акционердің өкілі сырттай дауыс беру үшін буллетенге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған буллетенге акционер өкілінің өкілеттілігін растайтын сенімхаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Жеке тұлға - акционердің не заңды тұлға - акционер басшысының немесе жеке тұлға - акционер өкілінің не заңды тұлға - акционер өкілінің қолы қойылмаған буллетені жарамсыз деп есептеледі.

Дауыстарды есептеу кезінде акционер (акционердің өкілі) буллетенде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

114. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кенесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған буллетенде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсететін орын болуға тиіс.

115. Егер акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілген жағдайда тиісті түрде толтырылған буллетендер барлық акционерлерден дауыстарды санау белгіленген күннен бұрын келіп түскен болса, онда дауыстарды уақытынан ертерек күні санауға жол беріледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

22-бап

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру

116. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;

2) Директорлар кенесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;

3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізуіндегі рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, «бір акция - бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады.

117. Акциялар бойынша берілетін кумулятивтік дауыс беру кезінде дауыстарды акционер Директорлар кенесінің мүшелігіне бір кандидат үшін толық беруі немесе ол Директорлар кенесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруі мүмкін. Дауыстар саны ең көп берілген кандидаттар Директорлар кенесіне сайланған болып танылады.

118. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізуінде жалпы жиналысында дауыс беру жасырын әдіспен жүргізілген жағдайда мұндай дауыс беруге арналған

бюллетеньдер (бұдан әрі осы бапта - қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер) дауыс беру жасырын тәсілмен жүргізіletін әрбір жекелеген мәселе бойынша жасалуға тиіс. Бұл орайда қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньде:

1) мәселенің тұжырымдалуы немесе жиналыстың күн тәртіндегі оның рет нөмірі;

2) мәселелер бойынша «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары немесе қоғамның органына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны болуға тиіс.

119. Акционер бюллетеньге өзі қол қоюға, оның ішінде өзіне тиесілі акцияларды «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен сәйкес сатып алу туралы қоғамға талап қою мақсатында тілек білдірген жағдайды қоспағанда, акционер қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қоймайды.

Қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды есептеу кезінде дауыс берушілердің бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қалдырылған мәселелер бойынша дауыстары есепке алынады.

23-бап

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама

120. Дауыс беру қорытындылары бойынша акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы (есеп комиссиясы) дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасап, оған қол қояды.

121. Акционердің дауыс беруге қойылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда қоғамның есеп комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті. Мұндай жағдайда дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаға ерекше пікір білдірген акционер қол қояды.

122. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін қатысып жасырын және сырттай дауыс беру үшін толтырылған (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер де), соның негізінде хаттама жасалған бюллетеньдер хаттамамен бірге тігіледі және қоғамда сақталады.

123. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.

124. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы (есеп комиссиясы) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауап береді.

125. Дауыс беру қорытындылары акционерлердің дауыс беру өткізілген жалпы жиналысының барысында жария етіледі.

126. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына акционерлердің

жалпы жиналысы жабылғаннан күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында оларды казақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы және қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен (осындағы тәртіп болған кезде) жеткізіледі.

24-бап

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы

127. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.

128. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) акционерлердің жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты және орны;

3) Қоғамның акционерлердің жалпы жиналысындағы ұсынған дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;

4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;

7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;

8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан тұлғалардың сойлеген сөздері;

9) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;

10) дауыска қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру корытындылары;

11) акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Жалпы жиналыста Қоғамның Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе қаралған жағдайда жалпы жиналыстың хаттамасында: Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

129. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының хаттамасына:

1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) мен хатшысы;

2) есеп комиссиясының мүшелері (болған кезде) қол қоюға тиіс.

130. Акционерлердің сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін жалпы жиналысының хаттамасына есеп комиссиясының мүшелері (егер есеп комиссиясын сайлау талап етілмесе - акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы) қол қоюға тиіс.

131. Жарғының 129 және 130 тармақтарында аталған тұлғалардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол тұлға бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

132. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру

қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамага қол қоюмен және хаттамага қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар атқарушы органда сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

25-бап

Директорлар кеңесі

133. Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) Қоғам Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыреттіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа, Қоғамның қызметін жалпы басқарады.

134. Директорлар кеңесінің айрықша құзыреттігіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау, қоғамның даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 2) Қоғамның даму жоспарын бекіту, сондай-ақ өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;
- 3) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын айқындау;
- 5) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 6) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда қоғамның акцияларын немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдау;
- 7) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 8) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 9) комитеттер құру, олар туралы Ережелерді бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 10) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 11) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

12) Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын айқындау;

13) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс істеу тәртібін, Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекке ақы төлеу мен сыйақы беру шарттарын белгілеу;

14) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы (сыйлықақы) шарттарын, корпоративтік хатшыны әлеуметтік қолдау шараларын айқындау;

15) Қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметтері, сондай-ақ Қоғам акцияларының төлеміне берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құны бойынша бағалаушы төлемінің көлемін айқындау;

16) Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайтын тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында, Басқарма қабылдайтын құжаттардан өзге), оның ішінде Қоғамның құнды қағаздарының аукциондарын және жазылуларын жүргізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

17) Қоғамның өкілдіктерін және филиалдарын, өзге оқшауланған құрылымдық бөлімшелерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

18) Өз бастамасы бойынша және/немесе Қоғам Басқармасы Төрағасының ұсынуы бойынша филиал, өкілдік және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелердің басшысын тағайындау және қызметтен босату;

19) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан жоғары пайызын сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау;

20) 10 (он) және одан артық акциясы (жарғылық капиталға қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі заңды тұлғалардың акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы жиналышының құзіреттілігіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

21) Қоғам міндеттемелерін оның меншік капиталынан 10 (он) және одан артық пайызды құрайтын көлем шамасына арттыру;

22) Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпия ақпаратты құрайтын Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

23) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышымен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның жасасу мүддесі бар ірі мәмілелер мен мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

24) Қоғамның орталық аппараты жұмыскерлерінің жалпы санын және ұйымдық құрылымын бекіту;

25) есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері бойынша Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне сыйақы беру және сыйақы мөлшері туралы шешім қабылдау;

26) Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін өтемақы төлемін төлеу және оның мөлшері туралы шешім қабылдау;

27) Қоғамның Ішкі аудит қызметі басшысы мен мүшелеріне, корпоративтік хатышыға есепті кезең үшін сыйлықақы беру және сыйлықақы мөлшері туралы шешім қабылдау;

28) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы шешім қабылдау;

29) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) Жарғымен көзделген Акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге сұрақтар.

135. Жарғының 25 бабының 134-тармағында бекітілген мәселелер тізімі Басқармаға шешу үшін берілуі мүмкін емес.

136. Директорлар кеңесінің Басқарма құзыретіне Жарғымен жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналышының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

137. Директорлар кеңесі:

1) Лауазымды тұлғалар және Акционерлердің жалпы жиналышы деңгейінде әлеуетті мүдделер дауын мүмкіндігінше болдырмауға және бақылауға тиіс, соның ішінде Қоғам мүлкін зансыз пайдалануды және мүдделі болып табылатын мәмілелер жасау кезінде қиянат етуді;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылау жүргізу керек.

138. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылу керек.

Директорлар кеңесінің комитеттері мына мәселелердің қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген өзге мәселелер.

Директорлар кеңесінің жекелеген комитетімен қаралатын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақта аталған мәселелерді қарау директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңестері комитеттерінің құрылуы мен жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжатымен реттеледі.

139. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі оған «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) Жарғымен жүктелген функцияларын басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

140. Директорлар кеңесінің мүшелері бәсекелес-ұйымдарда директорлар кеңесінің мүшесі, атқарушы орган ретінде жұмыс істеуге құқығы жоқ.

141. Басқарма мүшелері Қоғам Басқармасы төрағасын қоспағанда,

Директорлар кеңесіне сайланғанда алмайды. Қоғам Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланғанда алмайды.

142. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың және Директорлар кеңесі мүшесінің акционерлер және Қоғамның мүдделері үшін міндеттерді орындау және бұкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажет тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік және салалық ортада он жетістіктері мен мұлтікіз репутациясы болуы қажет.

143. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылатын өзінің қызметі туралы жылдық есептің құрамында өзі тәуелсіз деп санайтын Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін көрсетуі керек. Директорлар кеңесі шешімдер қабылдау кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі тәуелсіз болды ма, жоқ па, соны анықтауы керек; Директорлар кеңесінің мүшесін тәуелсіз деп танудың себептерін көрсетуі керек, бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тәуелсіздік критерийлеріне Директорлар кеңесі мүшесінің сәйкестігін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшесін тәуелсіз деп тануға әсер ететін қатынастардың немесе жағдайлардың болуын көрсетуі керек, оның ішінде, егер Директорлар кеңесінің мүшесі:

соңғы бес жыл ішінде Қоғамның немесе оның еншілес ұйымының жұмыскері екенін;

директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысын қоспағанда, Қоғамнан қосымша сыйақы алды ма немесе ала ма;

басқа ұйымдарда немесе органдарда осы тәріздес лауазымды атқара отырып, басқа ұйымдарға немесе органдарға осындай қатысу арқылы Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен айтарлықтай байланысты болғанын;

акционерлердің немесе мемлекеттік басқару органдарының мүддесін қорғағанын;

тоғыз жыл қатарынан Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болғанын көрсетуі керек.

144. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде 3 (үш) адамды құрайды. Директорлар кеңесінің мүшелері санының кем дегенде 30 (отыз) пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

145. Тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды, егер:

1) өтелмеген немесе заңнамалық актілермен белгіленген тәртіpte алынбаған сottылығы болса;

2) белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны еріксіз тарату немесе акцияларын еріксіз сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанда дейін 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімде бұрын басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болса. Аталған талап банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны еріксіз тарату немесе акцияларын еріксіз сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған датадан кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға өзге талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қойылады.

146. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттік мерзімін Қоғамның акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланған күні аяқталады.

147. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері акционерлердің жалпы жиналысы оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

148. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін өз өтініші бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама беру негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған жазбаша хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

149. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі жалпы аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

150. Директорлар кеңесінің төрағасын акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

151. Директорлар кеңесінің төрағасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Жарғысымен белгіленген тәртіппен:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және жүргізеді;
- 3) Қоғам атынан Қоғам басқармасының төрағасымен енбек шартын жасасады;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесінің және Басқарма мүшелерінің сыйақы құрамы мен мөлшері туралы хабардар етеді;
- 5) Директорлар кеңесінің қызметі туралы акционерлердің жалпы жиналысына жыл сайын хабарлайды;
- 6) Директорлар кеңесі мүшелерінің шұбасız және айқын ақпаратты дер кезінде алуын қамтамасыз етеді;
- 7) Директорлар кеңесінің қызметіне Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді үлес қосуын және Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы конструктивтік қатынастарды қамтамасыз етеді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген өзге мәселелерді шешеді.

152. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функциясын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

153. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Қоғам Президентінің талабы бойынша не болмаса:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыруышы аудиторлық ұйымның;
- 4) Ірі акционердің.

154. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысына ұсынылып отырған күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы беріледі.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, Басқармаға аталған талаппен шығуға құқылы, ал ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндettі.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап, күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаны міндettі түрде шақыру арқылы өткізіледі.

Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін датага дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуында мүддесі бар мәміле жасасу туралы шешім қабылдау жөніндегі мәселелерді қарастырған жағдайда, мәміле туралы ақпараттарда мәміле тараптары, мәміленің орындалу мерзімі мен шарттары, тартылған тұлғалардың мінездемесі мен үлес көлемі, сондай-ақ бағалаушының есебі туралы («Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1 бабының 69 тармағымен көзделген жағдайда) мәліметтер болуы тиіс.

155. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді.

156. Директорлар кеңесінің мүшесі Басқармаға Директорлар кеңесіне оның қатысуы мүмкін еместігі туралы күні бұрын хабарлауға міндettі.

157. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан аз болмауы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақпен белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналышына өтініш беруге міндettі.

158. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие болады. Егер Заңмен өзгесі көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімі отырыска қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Егер дауыс тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе отырыска қатысушы төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс жалпы жиналышын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

159. Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

160. Директорлар кеңесінің мүшелері бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), байланыс конференциясы («телефон кеңесі» режимінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бірмезгілдегі сөйлесулері) арқылы, сондай-ақ байланыстың өзге құралдарын пайдалана отырып, Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алады. Директорлар кеңесінің осындағы отырыстарда қабылдаған шешімдерді ресімдеу тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесімен анықталады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына өзінің қатысу мүмкіндігі жоқтығы туралы Директорлар кеңесінің тәрағасына немесе Корпоративтік хатшыға алдын ала хабарлауға міндettі. Оттыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлау арқылы Директорлар кеңесінің отырысы күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарламада мыналар болуы тиіс:

- 1) толтырылған күні;
- 2) жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі білдірілетін күн тәртібі;
- 3) күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша анық айқындалған позиция;
- 4) қолы;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қарауы бойынша күн тәртібіне жататын өзге мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшесімен ұсынылған күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде есепке алынады әрі отырыс хаттамасына тігіледі, онда Директорлар кеңесінің аталған мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс бергені туралы жазба жасалады.

Күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама Директорлар кеңесінің мүшесімен Директорлар кеңесінің тәрағасына немесе Корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін күнтізбелік 1 (бір) күннен кешіктірмей ұсынылуы тиіс.

Егер бұған дейін күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама тапсырған Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру пайдаланылатын Директорлар кеңесінің отырысына қатысу әрі дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі есепке алынбайды.

161. Директорлар кеңесі тәрағасының қарауы бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Директорлар кеңесінің отырысын өткізуіз қолданылуы мүмкін.

Директорлар кеңесі шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған кезде Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

162. Егер Директорлар кеңесі туралы ережеде басқа мерзімдер қарастырылmasa, сырттай дауыс беру бюллетені отырыс күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдармен қоса, Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу датасына дейін 3 (үш) күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс.

163. Сырттай дауыс беру бюллетенінде:

- 1) Қоғам Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніді тарату күні;
- 3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға бастамашы туралы мәліметтер;
- 4) сырттай дауыс беру бюллетенідерін берудің түпкілікті датасы;

- 5) сырттай дауыс беру қорытындыларын шығару және дауыстарды санау (шешім қабылдау) күні, уақыты және орны;
- 6) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;
- 7) егер Директорлар кеңесінің күн тәртібінде Қоғам Басқармасы мүшелерін сайлау жайлы сұрақтар болса, сайлауға ұсынылған кандидаттардың есімі;
- 8) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімді тұжырымдау;
- 9) «жақтаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» сөздерімен білдірілетін Директорлар кеңесі отырысы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нұқашалары;
- 10) дауыс беру (буллетеніді толтыру) жөніндегі түсіндірме болуы тиіс.

164. Толтырылған сырттай дауыс беру буллетенінде Директорлар кеңесі мүшесінің қолы болуы тиіс.

Дауыстарды санаған кезде Директорлар кеңесінің мүшесі буллетеніде белгіленген дауыс беру тәртібін сактаған мәселелер бойынша және дауыс берудің тек бір ғана мүмкін вариантына белгі қойылған дауыстар есепке алынады.

165. Белгіленген мерзімде алынған буллетенідерде кворум болған жағдайда шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданған болып танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен Корпоративтік хатшысының қолы қойылуы тиіс.

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдаған кезде Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

Шешім ресімделген күннен бастап 20 (жиырма) күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған буллетенідер қоса тіркеледі.

166. Қоғамның Директорлар кеңесінің тікелей тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, хаттаманы отырыста төрағалық еткен тұлға мен корпоративтік хатшысы отырыс өткізілген күннен санағанда 7 (жеті) күн ішінде жасауы және қолдарын қоюы тиіс және онда:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткен күні, уақыты мен орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

- 6) қабылданған шешімдер;

- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер болуы тиіс.

167. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Коғамда сакталады.

Корпоративтік хатшы Директорлар Кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) Қоғамның

уәкілетті жұмыскерінің қолымен және Қоғам мөрінің бедерімен расталған хатамадан жасалған үзінді көшірмелер мен шешімдерді беруге міндетті.

168. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі Заңмен және Қоғамның Жарғысымен белгіленген тәртіпті бұза отырып, қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібімен даулауға құқы бар.

169. Егер аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) Акционерлердің жалпы жиналысының заңды мүдделері мен құқықтары бұзылған болса, Акционерлердің жалпы жиналысы Заңмен және Қоғамның Жарғысымен белгіленген тәртіпті бұза отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімді сот тәртібімен даулауға құқылы.

26-бап Басқарма

170. Басқарма Қоғамның атқарушы органдының функциясын жеке дара жүзеге асыруши Қоғамның лауазымды тұлғасы болып табылады, оның құзыretіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыretіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің барлық мәселелерін шешу жатады. Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

171. Басқарма мүшелері саны 3 (үш) адамнан кем болмауы тиіс.

172. Басқарма мүшелері акционерлердің өкілдері және оның акционерлері болып табылмайтын Қоғам жұмыскерлері бола алады.

Басқарма мүшелері Қоғам қызметін Басқарма мәжілісіне тікелей қатысумен іске асырады.

Басқарма Мүшесі директорлар кеңесінің немесе атқарушы органдың бәсекелес үйымдардағы лауазымын атқаруын қоспағанда, Директорлар Кеңесінің келісімімен ғана басқа үйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма төрағасының Атқарушы органдың басшысы не басқа заңды тұлғаның атқарушы органдының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға лауазымын, сондай-ақ бәсекелес үйымдарда Директорлар кеңесінің немесе атқарушы органдың мүшесі лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

Басқарма төрағасы мен мүшелердің уәкілеттік мерзімдері жалпы Басқарма уәкілеттіктерінің мерзіміне сәйкес келеді.

173. Басқарманың құзырында:

1) акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесінің шешімін іске асыру;

2) Қоғамды дамыту стратегиясын әзірлеу, мақұлдау және Директорлар кеңесінің қарауына енгізу;

3) Қоғамның даму жоспарын бекіту үшін әзірлеу, мақұлдау және Директорлар кеңесінің қарауына енгізу;

4) даму жоспарын іске асыру;

- 5) Қоғамның даму жоспары шенберінде Қоғам бюджетін әзірлеу, бекіту, түзету және оның орындалуына бақылау жүргізу;
- 6) Қоғам бюджетін орындаپ, іске асыру;
- 7) ішкі (қызметтік) ақпаратты сақтау және қорғауды қамтамасыз ету;
- 8) Директорлар кеңесін Қоғамда тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы уақытылы хабардар ету;
- 9) Директор кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысы бекітетін құжаттарға қатысты жоқ Қоғам қызметінің жұмысын ұйымдастыру мақсатында қабылданған құжаттарды бекіту.
- 10) Қоғамның орталық аппарат, филиалдар, өкілдіктер және өзге оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің штаттық кестелерін бекіту;
- 11) Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау рәсімдерінің әзірленуі мен қолданылуын қамтамасыз ету;
- 12) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерінің жұмыскерлер штатын (жалпы санын) және Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің құрылымын бекіту;
- 13) Қоғам меншігіне қатысты заңсыз іс-қимылдарды тудыратын себептер мен жағдайларды айқындау жұмысын ұйымдастыру;
- 14) акционерлердің жалпы жиналысы және Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның қаржылық шығыстарын көздейтін мәмілелерді Қоғамның атынан жасасу туралы шешім қабылдау;
- 15) акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның қаржылық табысын көздейтін мәмілелерді Қоғам атынан жасасу туралы шешім қабылдау;
- 16) акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның директорлар кеңесінің айрықша құзыреттігіне жатпайтын, Қоғам қызметін қамтамасыз етудің баска мәселелері жөніндегі шешім қабылдау.

174. Қоғам Басқармасы Жарғының 9 бабының 54 тармағы 12) тармақшасында және 25 бабының 134 тармағының 11)-14), 18), 25)-28) тармақшаларында аталған және ішкі аудит қызметінің мәселелерін, сонымен қатар Қоғам Басқармасына және корпоративтік хатшыға қатысты мәселелерін қоспағанда, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына және Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала макұлдайды.

175. Қоғамдағы тәуекелдерді басқаруда туындаған мәселерді шұғыл шешу мақсатында Басқарма жаңынан Тәуекелдер комитеті құрылуы мүмкін. Тәуекелдер комитеті Басқарма берген өкілеттіктермен шектеледі. Тәуекелдер комитетін құру және жұмысының тәртібі, сонымен қатар құрам саны Қоғамның ішкі құжаттарымен бекітіледі.

176. Басқарма отырысындағы шешімдер Басқарма мүшелерінің отырысқа қатысып отырғандарының қарапайым дауыс басымдылығынымен қабылданады. Басқарма мүшелерінің кем дегенде жартысы (кворум) қатысқанда ғана Басқарма шешім қабылдауға құқылы.

177. Басқарманың әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер дауыс тен болған жағдайда Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Басқарма мүшесі дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, соның ішінде Басқарманың басқа мүшелесіне беруге құқысыз.

Басқарма кеңеске қатысқан барлық Басқарма мүшелері, әрбір мәселені

дауысқа салады және хаттамаға қол қояды. Басқарма мүшелерінің әрбір сұрағы дауыс беру нәтижесі көрсетіліп, сонымен қатар дауыс қорытындысының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

27-бап Қоғам Басқармасының Төрағасы

178. Басқарманы Қоғам Басқармасының Төрағасы басқарады.

179. Қоғам Басқармасының Төрағасы құзыретіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңнама актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің барлық мәселелерін шешу жатады.

180. Қоғам Басқармасының Төрағасы:

1) Басқарма жұмысын ұйымдастырады, Басқарма отырысын шақырады және оның қарауына қажетті материалдарды ұсынады;

2) төмендегі арқылы Қоғамды басқару жүйесінің дамуын және жақсартылуын:

корпоративтік басқаруды жетілдіру;

Қоғам жұмыскерлеріне тұтынушы талаптарын, заң талаптарын, реттеуші мемлекеттік орган және акционерлердің жалпы жиналысының талаптарын хабарлау механизмін құру;

Қоғам бизнесінің корпоративтік идеологиясы мен философиясын әзірлеу;

Қоғам бизнесінің корпоративтік идеологиясы мен философиясымен белгіленген Қоғам қызметінің құндылықтары мен қағидаттарын жылжыту;

Қоғамның бизнес-процестерінің жыл сайын талдануын қамтамасыз ету;

Бюджеттер қалыптастыру арқылы басқару жүйесін жұмысқа қабілетті күйінде сақтау және дамыту жобаларына ресурстар бөлу арқылы қамтамасыз етеді;

3) Басқарманың, акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімін орындауды ұйымдастырады;

4) Қоғам қызметін басқаруды жүзеге асырады;

5) Директорлар кеңесіне Қоғамның Даму жоспарын іске асырудың жылдық есебін ұсынады;

6) Қоғамның атынан үшінші тұлғаға қатысты сенімхатсыз әрекет етеді;

7) Қазақстан Республикасы Заңнамасы мен Жарғысына сәйкес Қоғамның атынан келісімдер жасайды;

8) үшінші тұлғалармен, соның ішінде мемлекеттік және сот органдарымен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

9) Қоғам жұмыскерлерімен еңбек шарттарын жасасады, өзгертелі, бұзады, еңбек қатынастары туындайтын, өзгеретін, бұзылатын актілерді қабылдайды;

10) Қоғамның жұмыскерлеріне көтермелей шараларын және тәртіптік жаза шараларын қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық жалақы мөлшерін белгілейді, Корпоративтік хатшының, Басқарма және ішкі аудит қызметінің мүшелері болып табылатын жұмыскерлерді қоспағанда, Қоғам жұмыскерлерінің сыйақы мөлшерін белгілейді;

- 11) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерін, сондай-ақ өкілеттілік және жауапкершілік аясын бөледі;
- 12) наразылықтар мен қуыннымдарды береді және қол қояды, қуыннымдардан бас тартады, қуыннымдық талаптарды өзгертеді, бітімгершілік келісімдерге қол қояды;
- 13) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;
- 14) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
- 15) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;
- 16) құзырет шегінде бұйрықтыр мен өкімдер шығарады;
- 17) бекітілген тәртіпте ұжымдық шарттар жасасады;
- 18) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында құжаттарды бекітеді;
- 19) өзі болмаған кезде, өзінің міндеттерін атқаруды Басқарма мүшесінің біреуіне жүктейді;
- 20) Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңымен тиісті қаржылық жыл үшін белгіленген, құны 2000-еселік айлық есептік көрсеткіш көлемінен аспайтын Қоғамның қаржылық шығындарын көздейтін мәмілелерді Қоғам атынан жасасу туралы шешім қабылдайды;
- 21) Қоғамға қатысты ағымдығы қызметін, Акционерлердің жалпы жиналышының құзырына қатысты емес, Директорлар кеңесі, сонымен қатар Қоғам Басқармасының құзырына Қазақстан Республикасының заңнамасына анықталған, Жарғы және басқа құжаттар Директорлар кеңесіндегі және Акционерлердің жалпы жиналышы қоғамының шешімімен Барлық қалған мәселелерге шешім қабылдайды.
181. Қоғам Басқармасының Төрағасының шешімі бойынша Қоғам Басқармасының мүшелеріне оның өкілеттіктерінің бірі белгіленген тәртіппен берілуі мүмкін.
182. Қоғам Басқармасының Төрағасының бұйрығымен өкілеттік берілген Қоғам Басқармасының мүшесі:
- 1) оның құзырына жататын мәселелер бойынша үшінші тұлғалармен, соның ішінде мемлекеттік және сот органдарымен қарым-қатынаста сенімхатсыз Қоғамның мүддесін білдіруге;
 - 2) қайта сеніп тапсыру құқығымен (құқығысыз) сенімхаттар беруге құқылы.

28-бап

Қоғамның лауазымды тұлғалары

183. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері, соның ішінде Қоғам Басқармасының Төрағасы):
- 1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауды және Қоғам мен Акционерлердің жалпы жиналышының мүдделерін негұрлым жоғары деңгейде білдіретін тәсілдерді қолданады;
 - 2) Қоғамның мүлкін пайдалануға немесе оның Жарғыға және Акционерлердің жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдаланылуына жол беруге және өздерінің

аффилииirlенген тұлғаларымен мәміле жасасу кезінде оларға қиянатшылық жасауға тиісті емес;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндettі;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың жария болуын және берілуін бақылап отырады;

5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың, егер Қоғамның ішкі құжаттарымен өзгеше көзделмесе, соның ішінде Қоғамда жұмыс істеуін тоқтатқан сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде құпиялығын сақтайды.

184. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасы Заңнамасының талабына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының Қоғам мүддесінде, Қоғамның Жарғысымен және ішкі құжаттарымен, ақпараттану негізінде еңбек шартымен, айқын әрекет етуге;

2) барлық акционерлерге әділетті болуға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті қорытынды шығаруы тиіс.

185. Қоғамның лауазымдық тұлғаларына Қоғам мен Акционерлердің жалпы жиналысының алдында іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігінің нәтижесінде Қоғамға келтірген зияндар, не болмаса залалдар үшін, Қазақстан Республикасының белгіленген заңымен белгіленген жауапкершілік жүктеледі, соның ішінде, бірақ мұнымен шектелмейді:

1) жаңылыстыратын немесе жалған ақпарат бергенде;

2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен беліленген ақпарат ұсыну тәртібін бұзу;

3) адаптік емес әрекеттің және (немесе) әрекетсіздігінің, соның ішінде олармен немесе қосылған тұлғалармен табыс алу мақсатында жасалған мәмілелер нәтижесінде Қоғамға зиян келтіруге әкеліп соққан ірі мәмілелер жасасу ұсынысы және (немесе) ірі мәмілелер және (немесе) мүдделі келісімдер жасау туралы шешім қабылдау;

Акционерлердің жалпы жиналысымен «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайда, ірі мәміле және (немесе) мәміле жасау туралы шешім жасау кезінде орындау нәтижесінде Қоғамға зиян келтірілген болса, мүддесі бар мәміле жасауды ұсынған лауазымдық тұлғаны, және лауазымдық тұлға адаптік емес және (немесе) онымен немесе қосылған тұлғалармен (табыс) көруді көздеу мақсатында Қоғам ұйымы отырысында әрекетсіздік жасаған лауазымдық тұлға жауапкершіліктен босатылмайды.

186. Егер мәміле жасасу туралы шешім қабылдау кезінде мұндай мүліктің құны оның «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы айқындаған нарықтық құнына анық мөлшерлес емес екені дәлелденетін болса, акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде Қоғам немесе Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан көп пайзызын иеленетін (жиынтықта иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан Қоғам мүддесінде, жасалуына мүдделілік болған және нәтижесінде Қоғам құны өзінің активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайзызын құрайтын мүлікті сатып алған немесе иеліктен шығарған, лауазымды тұлғаның және (немесе) оның үlestes тұлғаларының пайда (кіріс) алуына алып келген мәмілені Қоғамның жасасуы нәтижесінде Қоғамда туындаған

зиян үшін лауазымды тұлғаны жауаптылықта тарту туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы.

187. Қоғам акционерлердің жалпы жиналышының шешімі немесе Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп пайзын иеленетін (жиынтығында иеленетін) акционер (акционерлер) шешімі негізінде өз атынан қоғамға келтірген зиянын не залалын өтеу туралы, сондай-ақ лауазымды адамның (немесе) оның үлестес тұлғалары ірі мәмілелерді және (немесе) жасауға мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты), егер лауазымды адам жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекетсіз болған жағдайда, Қоғамның шығындарының туындауына әкеп соққан Қоғамға қайтаруы туралы талап қоя отырып, сотқа жүгінуге құқылы.

